

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін мемлекеттің ынталандыруы қағидаларын, сондай-ақ наградалардың тізбесі мен сипаттамасын, марапаттау парагының нысанын бекіту туралы және "Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін наградалардың тізбесі мен сипаттамасын, марапаттау парагының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 471 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 24 шілдедегі № 521 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 шілдеде № 33132 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ереженің 14-тармағының 267) және 272) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін мемлекеттің ынталандыруы қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін наградалардың тізбесі мен сипаттамасы;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін марапаттау парагының нысаны бекітілсін.

2. "Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін наградалардың тізбесі мен сипаттамасын, марапаттау парагының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 471 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19400 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін үйімдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін мемлекеттің ынталандыруы қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды мемлекеттің ынталандыруы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды мемлекеттің ынталандыруы тәртібін айқындайды.

2. Медальдар, төсбелгілер (бұдан әрі – наградалар) беру кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды мемлекеттің ынталандыру шарасы болып табылады.

2-тарау. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды мемлекеттің ынталандыруы тәртібі

3. Мыналар:

1) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуде клиенттердің құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін қорғау кезінде жоғары кәсіптік шеберлігімен;

2) кешенді әлеуметтік заң көмегінің дамуына елеулі үлес қосуымен ерекшеленген адвокаттың, заң консультанттының кәсіптік қызметіндегі жетістіктер ынталандыру шараларымен атап өтіледі.

Адвокаттардың, заң консультанттарының жоғары кәсіптік шеберлігі мен кешенді әлеуметтік заң көмегінің дамуына қосқан елеулі үлесін Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы айқындайды.

4. Адвокаттарды, заң консультанттарын марапаттау туралы ұсыныстарға Республикалық адвокаттар алқасы, заң консультанттарының палаталары бастамашылық етеді, олар заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті орталық мемлекеттік органның кадр қызметіне тиісті ұсыныстар (бұдан әрі – марапаттау туралы ұсыныс, уәкілетті орган) жібереді.

5. Марапаттау туралы ұсыныстар уәкілетті органға мемлекеттік, кәсіби, өзге де мерекелер мен мерейтой күндерін мерекелеуге дейін кемінде 2 ай қалғанда ұсынылады.

6. Уәкілетті орган марапаттау туралы мәселені қарайды, қажетті құжаттарды дайындайды және күнтізбелік 10 күн ішінде марапаттау туралы бұйрық қабылдайды.

7. Наградалар салтанатты жағдайда марапатталуышының жеке өзіне тапсырылады.

2023 жылғы 24 шілдедегі

№ 521 бүйрекінен

2-қосымша

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін наградалардың тізбесі мен сипаттамасы

1. "ІЗГІ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН" медалі.

"ІЗГІ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН" медалі шеңбер нысанындағы қондырмасы бар биіктігі 32 миллиметр (бұдан әрі – мм) және ені 32 мм сегіз бұрышты жұлдыз нысанындағы жезден жасалады. Медальдің реңі күнгірттелген.

Медальдің ортасында екі шеңбер бейнеленген, бірінші шеңбердің көгілдір реңінде шаңырақ пен қалықтаған қыран орналасқан. Бірінші шеңбердің сыртында "ІЗГІ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН" деген жазу бар. Медальдің бейнелері мен жазуы алтын түстес. Сегіз бұрышты жұлдызыздың беті көлденең бедерлі жолақ түрінде жасалған.

Медальдің сыртқы жағында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ" деген жазу орналасқан.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы түстес жібек қатқыл лентамен қапталған, ені 26 мм және биіктігі 16 мм төрт бұрышты тағанмен жалғанады.

Медаль киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

2. I дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі.

I дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі шеңбер нысанындағы қондырмасы бар биіктігі 32 мм және ені 32 мм бес бұрышты жұлдыз нысанында болады.

Төсбелгінің беткі жағында шеңбердің жиегінде көк түсті реңде "АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН" деген бедерлі жазу бар. Шеңбердің ішінде шаңырақ пен қалықтаған қыран бар. Реңі ашық. Бес бұрыштың астында көгілдір түсті лента орналасқан. Лентада - көгілдір түсті "I" рим цифры. Төсбелгінің бейнелері мен жазуы алтын түстес. Бес бұрыштың беті көлденең бедерлі жолақтар түрінде жасалған.

Сыртқы жағында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ" деген жазу орналасқан.

Төсбелгі үлес салмағы қорғасын сияқты түрлі-түсті металдардың қорытпасынан қую әдісімен жасалады. Белгілерге гальваникалық тәсілмен мынадай металдар: мыс, никель, алтын жалатылады. Белгідегі логотиптердің элементтері түрлі-түсті эмальдармен құйылады. Төсбелгілердің барлық элементтері көрнекі қабылдаудың сапалы болуы үшін жеткілікті көлемде орындалуға тиіс.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

3. II дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі.

II дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі шеңбер нысанындағы қондырмасы бар биіктігі 32 мм және ені 32 мм бес бұрышты жүлдyz нысанында болады.

Төсбелгінің беткі жағында шеңбердің жиегінде көк түсті реңде "АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТИ ҮШІН" деген бедерлі жазу бар. Шеңбердің ішінде шаңырақ пен қалықтаған қыран бар. Реңі ашық. Бес бұрыштың астында көгілдір түсті лента орналасқан. Лентада - көгілдір түсті "II" рим цифры. Төсбелгінің бейнелері мен жазуы алтын түстес. Бес бұрыштың беті көлденең бедерлі жолақтар түрінде жасалған.

Сыртқы жағында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ" деген жазу орналасқан.

Төсбелгі үлес салмағы қорғасын сияқты түрлі-түсті металдардың қорытпасынан қую әдісімен жасалады. Белгілерге гальваникалық тәсілмен мынадай металдар: мыс, никель, алтын жалатылады. Белгідегі логотиптердің элементтері түрлі-түсті эмальдармен құйылады. Төсбелгілердің барлық элементтері көрнекі қабылдаудың сапалы болуы үшін жеткілікті көлемде орындалуға тиіс.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

4. III дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі.

III дәрежелі "Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы қызметі үшін" төсбелгісі шеңбер нысанындағы қондырмасы бар биіктігі 32 мм және ені 32 мм бес бұрышты жүлдyz нысанында болады.

Төсбелгінің беткі жағында шеңбердің жиегінде көк түсті реңде "АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТИ ҮШІН" деген бедерлі жазу бар. Шеңбердің ішінде шаңырақ пен қалықтаған қыран бар. Реңі ашық. Бес бұрыштың астында көгілдір түсті лента орналасқан. Лентада - көгілдір түсті "III" рим цифры. Төсбелгінің бейнелері мен жазуы алтын түстес. Бес бұрыштың беті көлденең бедерлі жолақтар түрінде жасалған.

Сыртқы жағында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ" деген жазу орналасқан.

Төсбелгі үлес салмағы қорғасын сияқты түрлі-түсті металдардың қорытпасынан қую әдісімен жасалады. Белгілерге гальваникалық тәсілмен мынадай металдар: мыс, никель, алтын жалатылады. Белгідегі логотиптердің элементтері түрлі-түсті эмальдармен құйылады. Төсбелгілердің барлық элементтері көрнекі қабылдаудың сапалы болуы үшін жеткілікті көлемде орындалуға тиіс.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

Әділет министрі
2023 жылғы 24 шілдедегі
№ 521 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін марапаттау парагы

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
2. Лауазымы, жұмыс, қызмет орны _____
(қызметі, адвокаттар алқасының/заң консультанттары
палатасының атауы, қызметті ұйымдастыру нысаны)
3. Жынысы _____
4. Туған жылы мен туған жері _____
5. Ұлты _____
6. Білімі _____
7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
8. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен марапатталған
және марапатталған уақыты: _____
9. Үйінің мекенжайы: _____
10. Жалпы жұмыс өтілі _____
11. Саладағы жұмыс өтілі _____
12. Марапатталушының нақты айрықша сінірген еңбегі көрсетілген мінездеме:

Кандидатура _____
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы, талқылау күні, хаттаманың №)
talqylandyp, usynylldy.

Мына наградаға ұсынылады _____
(награданың түрі)
Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысы _____
(Т.А.Ә (бар болған жағдайда))

_____ (қолы)
M.O.
_____ жылғы "___" _____.
(толтыру күні)

Ескертпе: марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) жеке
куәлік бойынша толтырылады және міндепті түрде қазақ және орыс тілдерінде
транскрипциясы көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК